

## ЭТНИКАЛЫҚ РЕПАТРИАЦИЯ ТЕОРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ АУҒАНСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ОРАЛУЫ

Бұлбұл Шәкен

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты

Астана, Қазақстан

e-mail: agazhai\_altai@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-2012-4572>

**Аңдатпа.** Мақалада этникалық репатриация теориясын жасау талпыныстары талқыланады. Зерттеудің алғашқы бөлігінде экономика, әлеуметтану және психология бойынша миграция теорияларына шолу жасалынып, күрделі мәселелер мен ғылыми еңбектер қарастырылды. Иммигранттар санатының көбеюі, репатрианттар категориясын (этникалық репатрианттар, диаспора ұрпақтары, зейнеткер-репатрианттар т.б.) айқындап, олардың оралу себептері мен салдарын түсінуді қажет етеді. Сол себепті, әуелі репатриация себептерін қарастырғанда оны анықтаушы факторларға көңіл бөлінеді. Репатриация салдары тұрғысынан келгенде, оралғаннан кейінгі олардың қозғалысы, бейімделуі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Мақаланың екінші бөлігінде Ауғанстандағы қазақтардың оралу көші-қоны мысалында елдегі негізгі топтардың көзқарастары сынды контекстік факторлар зерттелді, себебі қабылдаушы қоғам қандастардағы аккумуляция процесінің маңызды модераторлары болып табылады. Сонымен қатар, түрлі теория, модельдердің қазақ репатрианттардың көші-қон мотивтері мен бейімделуін түсіндірудегі артықшылықтары мен кемшіліктері талданды.

**Түйін сөздер:** миграция, теориялар, экономика, әлеуметтану, психология, репатриация, Ауғанстан қазақтары, интеграция, этникалық идентификация

**Кіріспе.** ХХ ғасырдың аяғы – ХХІ ғасырдың басы қарқынды әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістермен сипатталады. Бұл жаңа этносаяси жағдайлардың пайда болуына әкелді, оның белгілерінің бірі - көші-қонның өсуі, әсіресе этникалық репатриацияның жаппай белең алуы. Ұзақ уақыт бойы этникалық репатриация көші-қон теориясы және әдістері шеңберінде қарастырылды. Ғалымдар этникалық репатриацияға байланысты негізгі категориялар мен әдістерді біріздендіруге және жіктеуге тырысқанымен, «этникалық репатриация», «диаспоралық репатриация» т.б. сияқты терминдер мен негізгі ұғымдар туралы әлі күнге дейін ортақ пікір жоқ. Көптеген іргелі еңбектер жарияланғанымен, олар қарама-қайшы пікірлерге және мысалдарға толы болды.

**Материалдар мен әдістер.** Мақаланың дереккөздері ретінде автордың этнографиялық экспедиция материалдары, Қазақстанның Ұлттық халық санағы (1999, 2009, 2021) және шетелдік саяхатшылардың Ауғанстан қазақтары туралы жазбалары пайдаланылады. Мақалада этникалық көші-қон пәнаралық тұрғыдан қарастырылды. Мәселені талдау барысында тарихи және ғылыми объективтілік принципі сақталды. Сонымен қатар, тарихи-типологиялық, проблемалық, индуктивті-дедуктивті, жүйелік, кейс-стади және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

**Талқылау және нәтижелер.** Этникалық көші-қон гуманитарлық пәндердің (антропология, экономика, әлеуметтану, география, психология және т.б.) зерттеу объектісі ретінде қарастырылып келеді. Алайда бұл әлі де теориялық, әдіснамалық толықтыруды қажет ететін сала болып қала бермек. Себебі, этникалық репатриация теориясын жасауға бағытталған көптеген әрекеттер оны көші-қонның жалпы гипотезалар арқылы ғана қарастырады. J.P. Cassarino репатриацияның әртүрлі типтері мен құрылымдарына шолу жасай отырып, оны неоклассикалық экономика, көші-қонның жаңа экономикасы, структурализм, транснационализм және әлеуметтік желі теориялары арқылы түсіндіруге тырысады. Мақалада J.P. Cassarino-ның бұл теорияларына қосымша әлеуметтану, психология бойынша теориялар да

талқыланатын болады [1].

Экономика теориялары мәселені екі түсінік негізінде қарастырады. Біріншіден, неоклассикалық экономика адамдар қаржылық жағдайын жақсарту бір жерден екінші жерге көшеді деп есептейді. Яғни, шыққан ел мен барған еліндегі жалақы айырмашылығы миграцияның басты себебі деп санайды. Осы тұрғыдан алғанда, қайта оралу – шығындарды дұрыс жоспарламау немесе көшудің артықшылықтарын есептемеу салдарынан туындаған сәтсіздік ретінде қарастырылады. Екіншіден, «Еңбек көші-қонының жаңа экономикасы» оралу миграциясын отбасы үшін ақылға қонымды таңдау және көші-қонның сәтті болғанының белгісі деп санайды. Бұл теория адамдардың қалай ақша табатынын, олардың отбасылық және жеке жағдайларын ескере отырып, тәуекелге барудан аулақ болуға тырысатынын айтады [2]. Үйге жіберілген ақша аударымдары мигранттардың өз еліне оралуында үлкен рөл атқарады. Ақша аударымдары мигранттардың әлі де өз үйіне байланысын сезінетіндігінің және жаңа еліне толық қоныстанбағанының белгілері ретінде қарастырылды [3]. Алайда, бұл теориялар тек адамдардың өз елдеріне оралуының экономикалық себептерінен басқа әлеуметтік және саяси факторларды қарастырмайды. Яғни, аталған модельдер диаспора ұрпақтарының оралуын және қоғамға кірігуін жеке алып талдамады.

Ал структурализм репатрианттың жеке тәжірибесін ғана емес, олар оралған мемлекеттегі әлеуметтік және институционалдық факторларды да қарастырады. Бұл әдісте F.P. Cerase иммигранттардың неліктен өз елдеріне оралатынын жіктеудің белгілі әдісін жасады. Оның айтуынша, төрт негізгі себеп бар: сәтсіздікке ұшырау, миграцияға дейінгі күйін сақтап қалу, зейнетке шығу және өз еліне жаңа идеялармен оралу [4]. G. Gmelch адамдардың неліктен өз еліне оралатынын, оларды не итермелейтінін және көшіп барған жеріне қалай бейімделетінін зерттеді. G. Gmelch адамдар өз елдеріне оралуды немесе барған елде қалуды әр жерде болатын мүмкіндіктерге сүйене отырып шешеді деп санайды [5]. Алайда, жағдайды тек қайтып оралғаннан кейін ғана бағалауға болады. Егер репатриант қоғамнан, экономика немесе саясаттан өзі күткенді көрмесе пост-репатриация реакциясы, нәтижесі қиын болады. Құрылымдық тәсіл репатриация жеке тұлғаның тәжірибесі ғана еместігін, керісінше қабылдаушы ел және атамекен арасындағы көптеген факторларға байланысты екенін көрсетумен маңызды болды. Алайда, бұл теория иммигранттардың қабылдаушы қоғаммен қалай жұмыс істейтіні, сондай-ақ олардың эмоционалдық және әлеуметтік өзгерістері және диаспора мигранттары туралы толық ақпарат бере алмады.

Әлеуметтік зерттеулер, яғни транснационализм теориясы мигранттардың жаңа елге көшуі, әлеуметтік статусын қабылдауы және этникалық топтағы басқа адамдармен қарым-қатынасы әсер ететін әртүрлі бірегейліктерге ие болуын қарастырады. Транснационализм дегеніміз бір мемлекетте өмір сүріп жатып басқа мемлекеттегі туыс, дос, таныстармен байланыста болу, екі мемлекетте де өмір сүру. Ал интеграция дегеніміз осы мемлекеттің мәдениетін ұстана отырып, туған елінің мәдениетін де қатар алып жүру, сақтау. Интеграция екінші мемлекеттің мәдениетіне кірігуді баса дәріптесе, транснационализм бірінші елмен қарым-қатынаста болуды қарастырады. Транснационализм бойынша этникалық репатрианттардың атамекеніне оралу себебі этникалық шыққан жеріне, еліне тиесілік сезімінің болуы [6]. Алайда, T. Tsuda экономикалық факторлардың да оралу шешімінде маңызды рөл атқаратынын айтады [7]. Келесі бір себеп мигранттардың барған мемлекеттеріне толық кіріге алмауы, әлеуметтік кемсітулерге ұшырауы [8] немесе ата-әжелерінің әңгімелерінен естіген атамекенге, ондағы өмірге, өсиет бойынша қайта қауышуға ұмтылуы [9]. Алайда қайта оралғаннан кейінгі мигранттардың реакциясы мен реалиді транснационализм репатриацияның салдары ретінде көрсетеді. Бұған көбінде көңіл қалу, мәдени шок, бөлектену жағдайлары жатады.

Психология теориялары бойынша мәдени ауысу эмоцияны, мінез-құлықты және танымды қамтитын күрделі процесті білдіреді. Әлеуметтану теориялары

қабылдаушы елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық әсеріне көбірек қатысты болса, психологиялық әдістер көзқарастар, наным-сенімдер мен мінез-құлықтың жеке өзгеруіне негізделген [10]. Аккультурация мәдени ауысулардың психологиялық бөлігін талдауға тырысады және стресс пен қиындықтарды осы ауысулар кезіндегі мигрант тәжірибесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Аккультурация бойынша алғашқы зерттеулер, ең алдымен, мәдени шок және бейімделуді зерттеді. Алайда, соңғы әдебиеттер назарын мәдени бірегейлікке аударды. Мысалы, J.T. Gullahorn-ның W-бейнелі сызық теориясы бұрын жан-жақты зерттелген ең ықпалды теорияның бірі болды. 1955 жылы Lysgaard жасаған жаңа қоғамға бейімделіп жатқан адамдардың тәжірибесін «мәдени шок» ретінде сипаттайтын U-бейнелік сызық теориясы кейіннен W-қисық теориясына дейін кеңейтілді. Мұнда мигрант үміті ақталмай күйзеліске ұшырағаннан кейін ол қайтадан бас көтереді, жаңа күш алады деп түсіндіреді [11].

Келесі бір маңызды модельдерінің бірі J.W. Berry-дің аккультурация моделі, онда иммигрант қоныс аударған кезде оның алдында екі міндет тұр: өзінің туған мәдениетін сақтау және басқа мәдениетпен, мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау. J.W. Berry-дің пікірінше, аккультурацияның төрт стратегиясы бар: интеграция, ассимиляция, сепарация және маргинализация. Бір жағынан, мәдениетті қолдау және басқа топтармен өзара әрекеттесу осы стратегияларды құрайды. Иммигрант интеграциялық стратегияны ұстана отырып, жаңа мәдениетке де, өз мәдениетінің кейбір аспектілеріне де қатысады [12].

N.M. Sussman-ның моделіне сәйкес, иммигранттардың жаңа жерге әлеуметтік-мәдени бейімделуі олардың иммиграцияға дейінгі мәдени бірегейлігі мен мәдени икемділігінің маңыздылығымен болжанады. Жаңа ортаға бейімделген және қабылдаушы мәдениеттің құндылықтарын, дүниетанымын және мінез-құлқын ішінара қабылдаған иммигранттардың мәдени ерекшеліктері өзгерді; бұл өзгерістер олар үшін өз еліне оралғаннан кейін ғана айқын көрінеді. Басқаша айтқанда, қабылдаушы қоғамға бейімделу деңгейі оралғаннан кейінгі реинтеграция кедергілерінің көлемін болжайды. N. Sussman репатриацияның төрт түрлі стратегиясын анықтайды: аффермативті, аддитивті, субтрактивті және көпмәдениетті. Әрбір стратегия жеке тұлғаның бірегейлігінің ауысуы және иммиграция процесінде стресстің әртүрлі дәрежеде болуымен байланысты [13].

Аккультурация бойынша көптеген зерттеулер этникалық көші-қонның әртүрлі аспектілерін, соның ішінде реинтеграцияның психологиялық әсерін, жастың рөлін, жіберуші және қабылдаушы қоғам арасындағы мәдени қашықтықты, қабылдаушы елдегі адамдармен қарым-қатынасты және т.б. зерттеді. Алайда, бұл зерттеулердің көпшілігі уақытша мигранттар тәжірибесін түсіндіруге бағытталған. Миграция мерзімінің қысқа болуын ескере отырып, олардың тәжірибесін диаспора репатрианттарының тәжірибесімен салыстыруға болмайды. Қорытындылай келе, көптеген теориялар көші-қон кейісі арқылы этникалық репатриацияны түсіндіруге тырысқанын көруге болады. Алайда, этникалық/диаспоралық көші-қонның себептері мен салдары жеке қарастыруды қажет етеді. Осы себепті бұл модельдерді Ауғанстан қазақтарының елге оралу мысалы негізінде қарастырамыз.


### **Ауғанстан қазақтарының атамекеніне оралуы**

*Тақырыптың зерттелуі.* Соңғы жылдары этникалық репатриация және қазақ репатрианттардың Қазақстан қоғамына бейімделуі мен интеграциясы қарқынды зерттеліп жатыр. Этникалық репатриация бағдарламасы жүзеге асқан 30 жылдың ішінде әртүрлі салалар (экономика, әлеуметтану, философия, құқық, тарих, психология, лингвистика, педагогика) бойынша монография, докторлық диссертация және ғылыми мақалалар көптеп жарық көрді. Репатрианттарды тарихи және этнографиялық тұрғыдан зерттеу бойынша А.Б. Калыш пен Д.Б. Касымованың «Пути интеграции оралманов в Казахстанское общество: реалии и вызовы» [14] және «Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов» [15], К.Қ. Нұрымбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы:

тарихи талдау (1991-2008 жж.)» [16], К.Н. Балтабаева, Т.А. Мамашев, Ж.Ә. Ермекбай, А.Ж. Баймағамбетова «Қазақ диаспорасы және Атамекенге оралу (1991-2012 жж.)» [17] т.б. әдебиеттерді жатқызуға болады. Мұнда Қазақстан Республикасының репатриация саясаты жан-жақты талқыланып, іске асырылған мемлекеттік бағдарламалар, көші-қон заңдары және репатрианттарды қолдау шаралары толығымен баяндалады. Миграция, диаспорология және репатриация бойынша толық тарихнама жасалып, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін бөліп қарастырады. Әрбір мемлекеттен келген қазақ репатрианттардың этникалық бірегейліктеріне назар аудара отырып, Қазақстан қоғамына сіңсуін бағалайды. Еңбек (90-жылдардағы Моңғолия қазақтары мысалында) және білім беру репатриациясының артықшылықтары талқыланады. Қазақ репатрианттарды қазақстандық социумға әлеуметтік-мәдени бейімдеудегі қиындықтарға да тоқталады.

*Ауған қазақтарының көші-қон тарихы.* Қазақтардың ауған жеріне аяқ басуын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезең XVIII-XIX ғасырларға сәйкес келеді. Б. Қалшабаева [18] және Г. Меңдіқұлова [19] тарихи деректер келтіре отырып қазақ диаспорасының қалыптасуы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңіне басталады деген пікір айтады. Ұлыбританиялық саяхатшылар W. Moorcroft және G. Trebeck-тің жазбаларында Сырдария бойында қазақтарды, киіз үй және тазы итті көргені туралы ақпараттар кездеседі (20, 500 р.). Екінші кезең XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы, Патшалық отарлау мен ашаршылық, жаппай қуғын-сүргін заманы. Бұл туралы швед дипломаты Gunnar Jarring 1930 жылдардың басында кіші жүз қазақтарын Ауғанстанның оңтүстік өңірлерінде кездестіргенін айтады. Қазақтар Акши, Андхой облыстарында, көбінде Хандбад ауданында тұрған [21]. Келесі бір кезең XX ғасырдың 40-50 жылдарына сәйкес келеді, яғни Шығыс Түркістаннан қашып ауған жеріне табан тіреген қазақтар. Олар туралы Milton J. Clark «Қалай қазақтар еркіндікке ұмтылды» атты мақаласында жазады [22].

*Статистика.* Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан үш Ұлттық Халық санағын өткізді. Соңғы 2021 жылғы Халық санағының нәтижесі бойынша 1,345 млн қазақ шетелден оралған. Оның ішінде 2861-і Ауғанстаннан келген қазақтар. Олар жалпы репатрианттардың 0.2 пайызын ғана құрайды. Төменде 1999, 2009 және 2021 жылдары жүргізілген Халық санағы нәтижесінде алынған Ауғанстан Қазақтарының атамекенге оралу динамикасы көрсетілген [23] [24] [25].



National census	Total	Russia	Uzbekistan	China	Mongolia	Afghanistan
1999	321891	24480	53538	1360	42426	1029
2009	480557	33379	288839	54123	25414	1714
2021	226375	13224	77478	10189	3346	118

*Эвакуациялануы.* 2020 жылдың 23 ақпанында Тәліп Исламдық ұйымы Ауғанстан билігіне келді. Ауғанстандағы әлеуметтік-экономикалық кризистің ушығуына байланысты Қазақстан гуманитарлық көмек көрсетті және ондағы қазақтарды қабылдайтынын айтты. 2021 жылдың қыркүйек айында 4 қазақ отбасы ҚР президенті Қ. Тоқаевтың бұйрығымен эвакуацияланып, Қазақстанға жеткізілді [26]. Сыртқы істер министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау және Еңбек министрлігінің Көші-қон комитеті және Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бірлескен әрекеттерінің арқасында шұғыл жағдайда оларды Ақмола облысына қоныстандырды (Көкшетау қ. (2 отбасы), Атбасар ауд. Мариновка аул. (1 отбасы), Бурабай ауд. Кіндікқарағай аул. (1 отбасы) ). Олардың жол шығындары, тұрғын үй, тамақ, киім сынды тұрмыстық қажеттіліктерін жергілікті атқарушы мекемелер, мешіттер және ауыл тұрғындары дайындап берді.

*Көші-қонды ынталандырушы факторлар.* Аталған төрт отбасының үшеуі соңғы 20 жылда Иранда тұрып келген. Сұхбатқа 18 жастан асқан отбасы мүшелері қатысты. 20 респонденттің жартылай құрылымдық сұхбаттарына сүйене отырып, атамекенге оралу туралы шешім қабылдауға әсер ететін ең маңызды факторлар этникалық тиесілік және ата-баба өсиетін орындау амбициясы екенін көруге болады. Экономикалық факторларда олардың қоныс аударуында маңызды рөл атқарады. Себебі осы төрт отбасының үшеуі төмен жалақыға құрылыс саласында, базарда түрлі қара жұмста істеген. Тіпті осы жылдар бойы олардың меншікті тұрғын жайы болмаған, үйлерді жалдап тұрған. Атамекеніне оралуда келесі бір себеп қазақы бірегейлігін ғана емес діни бірегейлікті де сақтау. Репатрианттардың айтуынша олар мекен еткен мемлекетте исламның сүни тармағын ұстаушылар аз және негізгі топтан бөлектеніп, қысым да көрген. Зерттеу Ауғанстан мен Иранның қоғамдық-саяси контекстінің көшу шешімін қабылдауда қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Қатысушылар саяси тұрақсыз қоғам, қауіпсіздік мәселесін де жоққа шығармайды. Келесі фактор - балалардың білім алуы. Төрт отбасының 35-ке жуық мүшесінің ішінде біреуінде ғана жоғары білім бар. Аға ұрпақ дерлік сауатсыз. Балалардың тіпті орта мектепті де бітіруге мүмкіндігі болмаған. Олар қазақ тілінде білім алып, туған тарихын білуді армандаған екенін айтты. Яғни, атамекенінде білім алу да репатриацияны ынталандырушы фактор болмақ.

*Қоғамға бейімделу қиындықтары.* Алынған ақпараттар ұрпақ санатына немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты респонденттердің бейімделу стратегияларының қалай ерекшеленетінін көрсетті. Сұхбаттардың көпшілігі әлеуметтік, эмоционалдық және жеке қиындықтар туралы. Мәселен, олар өздерінің идеалдандырылған бейнелері мен олар қайта оралатын шындық арасындағы сәйкессіздікті күтпеген. Яғни, бұл сәйкессіздік көбінде репатриацияға дайындалмаудан және қазақ қоғамындағы кейбір жағдайлардың өзгеруінен туындайды. Қайтып оралғаннан кейін туындаған негізгі мәселе репатрианттар мен жергілікті қазақтар арасындағы мәдени айырмашылықтардың болуы. Репатрианттардың сөзіне қарағанда олардың дәстүрді күнделікті тұрмыстық практикада ұстануы қоғаммен байланыста ынғайсыздықтар туғызған, яғни модернизацияланған қоғамда тым ескішіл көзқарастағы адам ретінде көрінетін болған.

Гуллахорнның W-тәрізді теориясын қолдана отырып, оралу көші-қон жағдайын бағалағаннан кейін, бұл модель қазақ репатрианттардың тәжірибесін сипаттауға немесе болжауға қабілетті екендігі анықталды. Теорияның кезеңдері болып табылатын бал айы, мәдени шок, бастапқы бейімделу, психикалық оқшаулану, қабылдау және интеграция репатрианттардан анықталды. Мысалы, 1-2 ай жағымды эмоцияларға толы болды, 2-6 айда депрессия басталды, 6-12 ай терең депрессия немесе психикалық оқшаулану болды. Бір жылдан кейін олар «қандас», яғни Қазақстан қоғамындағы өздерінің мәртебесін қабылдады. Содан кейін олар жергілікті тұрғындармен белсенді байланыс орнатып, өздері жұмыс іздей бастады. Оралушылардың бейімделу кезеңдеріне тұлғаішілік және тұлғааралық факторлар айтарлықтай әсер ететіні анықталды.

Алғашқы миграция тәжірибесінде кездескен жеке, эмоциональды және әлеуметтік мәселелерді Berry-дің аккультурация теориясы біршама нақты түсіндіреді. Алайда бұл модель жеке тұлғалардың туған мәдениетінен өзге мәдениетпен өзара әрекеттескен кезінде пайда болатын реакцияларды қарастырады. Өздеріне таныс мәдениет, қоғам деп қазақ репатрианттар аккультурация процесін күтпеуі мүмкін, алайда нәтиже олар ойлағандай болмайды. Көп этносты, орыс тілінің қолданысы басым солтүстік облыстар жағдайында репатрианттардың айтарлықтай аккультурация процесін бастан кешкенін көруге болады.

Репатрианттардың адаптациясында тіл мәселесі де маңызды факторлардың бірі. Ауғанстан қазақтарында ана тілінде білім алу мүмкіндігі болмады. Қазақ тілінің қолданысы отбасы, туыс-туған арасында ғана жүрді. Оның үстіне олар «ж» тілді өзбектер мен түркімендер арасында өмір сүргендіктен сөйлеу стилінде өзбек тілінің ықпалы басым болды. Яғни, жергілікті қазақтар мен репатриант қазақтар арасындағы сөйлеу стилінде айтарлықтай айырмашылықтардың болуы қоғамға толық кірігуге кедергісін келтіреді деп айтуға болады. Ортақ тіл, мәдениет, дін, дәстүр болғанына қарамастан респонденттер өздерін жергілікті тұрғындардың жанында бөтен сезінетінін айтады.

Sussman-ның Мәдени сәйкестілік моделі репатриация процесін тұжырымдау үшін қолданылады. Зерттеуге қатысқан репатрианттардың көпшілігінде аддитивті немесе субтрактивті сәйкестілік өзгергені анықталды. Бұл екі сәйкестік қайтып оралғаннан кейін стресс деңгейінің жоғарылауын көрсетеді. Sussman-ның пікірінше, жеке тұлғаның субтрактивті ауысуы оралған адамдардың өздерін оқшауланған сезінуіне және өз отанындағы отандастарынан өзгеше қабылдауына әкеледі [10]. Бұл сипаттамалар респонденттердің көпшілігінің берген сұхбатына сәйкес келеді. Зерттеуге қатысушылардың біреуінен басқасы жергілікті қазақтар өздеріне қарағанда басқаша дүниетаныммен ерекшеленетінін айтты. Аддитивті сәйкестіктің өзгеруі ауған қазақтарын Ауған-Иран мәдениеттің өкілдері ретінде сезінуге мәжбүр етеді және олар Қазақстан қоғамына кіріге алмағандықтан мұның орнын Ауғанстан, Ирандағы туыс-туған, достары және таныстарымен қайта байланысқа шығу арқылы толықтамақшы болады. Ал бұл кері байланыс олардың адаптациясын кешеуілдетеді [27].

Репатриациядан кейінгі стресстің төмен деңгейі аффирмативті сәйкестікті көрсетеді, яғни олар туған мәдениетінің жағымды жақтарына баса назар аударады және екі мәдениет арасындағы олқылықтар мен айырмашылықтарды азайтады. Зерттеу көрсеткендей, тіпті жеке басының оң өзгерісін бастан өткерген респонденттер үшін де стресстің негізгі көзі олардың бұрынғы (қазақ) және қазіргі (қандас) статусы арасындағы сәйкессіздіктің туындауы, алайда Sussman олар үшін репатриация тәжірибесі жағымды өзгерістерге қол жеткізумен аяқталады деп санайды. Төрт түрлі мәдени сәйкестіктің ішінде ең аз таралған үлгі жаһандық дүниетаным ретінде сипатталатын мәдениетаралық сәйкестік болды [10]. Sussman-ның моделі ақпарат берушілердің көші-қон контекстінде бастан өткерген жеке сәйкестігінің өзгеруіне ерекше мән берді. Дегенмен, рекультурация процесі, бағыттары және нәтижелері туралы мысалдар аз келтірілген. Бейімделу кезеңінде саяси және институционалдық факторлар, сондай-ақ қандастар мен жергілікті қазақтардың өзара әрекеттесу динамикасын бұл модель арқылы түсіндіру қиын.

Тұтастай алғанда, алдыңғы үлгілердің көпшілігі бізге этникалық қазақ репатриациясының кейбір аспектілерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, бірде-бір модель репатриацияның барлық аспектілерін түсіндіру үшін жеткілікті теориялық негізделмеген. Оның үстіне қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи-типологиялық ерекшеліктерін де тек бұл модельдер арқылы түсіндіру мүмкін емес.

**Қорытынды.** Жоғарыда жасалған қысқаша шолу арқылы этникалық репатриацияны түсіндіру үшін пайдаланылған модельдердің көпшілігі көші-қон әдебиеттерінен алынғанын, әрбір теориялық ағымның көші-қон себептері мен салдарын түсіндіруге ұмтылғанын көруге болады. Әдебиеттерді жан-жақты зерттеу

арқылы репатриацияны екі жақты факторлардың (репатриант және қабылдаушы қоғам) әсерінен болатын көп қырлы құбылыс болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Репатрианттардың интеграция қарқыны қабылдаушы қоғамның әлеуметтік күйіне де байланысты екенін ескеру керек.

Шетелдегі қазақтардың елге оралуы көптеген факторларды қамтиды, мысалы, оралуға деген мотивация, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, өзге мәдениетке бейімделу және этникалық бірегейлігін сақтау деңгейі т.б. Жоғарыда қарастырылған модельдер қазақ репатриациясын түсіндіруге көмектескенімен, толық болымысын аша алды деп айту қиын. Демек, бұл Қазақстан жағдайында репатриация және оның салдарынан туындайтын түйіндерді әлемдік қалыптасқан формуламен емес, жекелей (тарихи, аймақтық, этностық жағдайлар тұрғысынан), арнайы теориялар мен әдістерді пайдалану арқылы шешу қажет екенін көрсетеді.

### Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі

1. Cassarino J.P. Theorising return migration: The conceptual approach to return migrants revisited. *International Journal on Multicultural Societies*, 2004. N6(2), – 253-279 бб. – URL: <http://www.unesco.org/new/en/social-and-humansciences/resources/periodicals/diversities/> (Пайдаланылған күні: 03.09.2023)
2. King R., Christou A. *Cultural geographies of counter-diasporic migration: The second generation returns "home"*. – Brighton: University of Sussex, 2008. – 45 б.
3. Çağlar A. Hometown associations, the rescaling of state spatiality and migrant grassroots transnationalism. *Global Networks*, 2006. N6(1), 1-22 бб.
4. Cerase, 1974 – Cerase F.P. Expectations and reality: a case study of return migration from the United States to Southern Italy. *International Migration Review*, 1974. N8(2), 245-262 бб. – URL: <http://dx.doi.org/10.2307/3002783> (Пайдаланылған күні: 05.09.2023)
5. Gmelch G. Return migration. *Annual Review of Anthropology*, 1980. №9. 135-159 бб. – URL: <http://dx.doi.org/10.1146/annurev.an.09.100180.001031> (Пайдаланылған күні: 10.09.2023)
6. Wessendorf S. "Roots migrants": Transnationalism and return among second-generation Italians in Switzerland. *Journal of Ethnic and Migration Studies*, 2007. N33(7), 1083-1102 бб. – URL: <http://dx.doi.org/10.1080/13691830701541614> (Пайдаланылған күні: 13.10.2023)
7. Tsuda T. *Diasporic homecomings: Ethnic return migration in comparative perspective*. – Stanford, CA: Stanford University Press, 2009. – 1-18 бб.
8. Bolognani M. The myth of return: dismissal, survival or revival? A Bradford example of transnationalism as a political instrument. *Journal of Ethnic and Migration Studies*, 2007. N33(1), 59-76 бб. – URL: <http://dx.doi.org/10.1080/13691830601043497> (Пайдаланылған күні: 13.10.2023)
9. Datta A. *Diaspora and transnationalism in urban studies. A companion to diaspora and nationalism*. – Hoboken, NJ: Wiley- Blackwell, 2013. 88-105 бб.
10. Sussman N.M. *Return migration and identity: A global phenomenon, a Hong Kong case*. – Hong Kong: Hong Kong University Press, 2010.
11. Gullahorn J.T., Gullahorn J.E. An Extension of the U-Curve Hypothesis<sup>1</sup>. *Journal of Social Issues*, 1963. N19(3), 33-47 бб. – URL: <http://dx.doi.org/10.1111/j.1540-4560.1963.tb00447.x> (Пайдаланылған күні: 25.10.2023)
12. Berry J.W. Immigration, acculturation and adaptation. *Applied Psychology: An International Review*, 1997. N46(1), 5-68 бб. – URL: <http://dx.doi.org/10.1111/j.1464-0597.1997.tb01087.x> (Пайдаланылған күні: 26.10.2023)
13. Sussman N.M. Repatriation transitions: Psychological preparedness, cultural identity, and attributions among American managers. *International Journal of Intercultural Relations*, 2001. N25. 109-123 бб. – DOI: 10.1016/S0147-1767(00)00046-8 (Пайдаланылған күні: 13.09.2023)
14. Калыш А.Б., Касымова Д.Б. Пути интеграции оралманов в Казахское общество: реалии и вызовы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
15. Калыш А.Б., Касымова Д. Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 240 б.
16. Нұрымбетова К.Қ. Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.). – Алматы, 2010. – 128 б.
17. Балтабаева К.Н., Мамашев Т.А., Ермекбай Ж.А., Баймағамбетова А.Ж. Казахская диаспора и репатриация (1991-2012) научный ред. Мажитов С.Ф. – Алматы: Елтаным, 2015. –

568 б.

18. Қалшабаева Б.К. Орталық Азия қазақтары (тарихи этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.

19. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 б.

20. Moorcroft W., Trebeck G. Travels in The Himalayan Provinces Of Hindustan And The Panjab. – London: 1841. – 522 б. – URL: <https://archive.org/details/in.ernet.dli.2015.284643> (Пайдаланылған күні: 20.11.2023)

21. Jarring G. On the Distribution of Turk Tribes in Afghan. 1934. – URL: <https://archive.org/details/dli.pahar.2740/page/69/mode/1up> (Пайдаланылған күні: 20.11.2023)

22. Милтон Дж.К. Қазақтар бостандыққа қалай ұмтылды. National Geographic Qazaq журналы. – URL: <https://alt.nationalgeographic.kz/2017/04/13/5205.html> (Пайдаланылған күні: 20.11.2023)

23. Перепись населения Казахстана, 1999. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/national/1999/> (Пайдаланылған күні: 01.12.2023)

24. Перепись населения Казахстана, 2009. – URL: <https://stat.gov.kz/upload/medialibrary/db5/w7mkupvjlghxyhkhx1zbb78esty7ghj/6-Миграция%20рус.pdf> (Пайдаланылған күні: 01.12.2023)

25. Перепись населения Казахстана, 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/upload/iblock/71b/n6c82zjkb3m80d0sejzzfu2ut8q4w3ry/миграция.pdf> Untitled (stat.gov.kz) (Пайдаланылған күні: 01.12.2023)

26. Қазақстан жәрдем сұраған 35 қазақты Ауғанстаннан атамекенге жеткізді. Азаттық радиосы, 10 қыркүйек 2021 жыл. – URL: <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-evacuated-35-ethnic-kazakhs-from-afghanistan-by-plane/31453220.html> (Пайдаланылған күні: 01.11.2023)

27. Автордың Кіндікқарағай этнографиялық экспедициясы. Қараша, 2021 жыл.